

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Педагогикалық сөздік. –Түркістан, 2006.
3. Қарсыбаева Р.К. Бастауыш сынып оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Педагогика ғылымдар сериясы», №1 (57), 2018.- 300-303 бб.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы 1-том. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – Алматы, 1998.
5. Милорадова Н.Г. Психология управления в условиях стабильной неопределенности: учебное пособие.– Москва, 2013
6. Психологиялық -педагогикалық сөздік. Екінші басылымы- Алматы: «Арыс» баспасы, 2011
7. Agranovich, Ye., Amirova, A. Ageyeva, L., Lebedeva, L., Aldibekova, Sh., Uaidullakyzu, E. (2019). The Formation of Self-Organizational Skills of Student's Academic Activity on the Basis of 'Time Management' Technology. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 14(22), 95-110. <https://online-journals.org/index.php/i-jet/article/view/11755> <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i22.11755>

МРНТИ 14.29.29

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.56>

Г.Б.Ибатова¹

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездесетін тіл кемшілігінің түрі- сөйлеу тілінің жалпы дамымауы. Мақалада осы тіл кемшілігі бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру әдістемелерін қолдану ерекшеліктері берілген. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған эксперименттік оқыту нәтижелерін талдай келе, мынандай қорытынды жасадық: балаларда эксперимент барысында сөзжасам түсініктері, білім, білік және ауызша сөйлеу тілінде практикалық қолдану дағдылары толық қалыптасты. Қалыптастырушы экспериментте алынған тапсырмалар осы балаларда сөйлеу қабілетінің құрамы ретінде, сөзжасам дағдыларының қалыптасқанын сенімді айтуға мүмкіндік береді.

Мұндай жетістік, сөйлеу тілінің дамымауы кезіндегі жалпы түзете-тәрбиелеу үрдісіндегі ықпал студия жалпы тиімділігінің жоғарылауында көрініс тапты.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін талдау, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасамын қалыптастыруға, арнайы құрастырылған білім беру моделінің негізделгендігі мен өнімділігін дәлелдеді. Қалыптастырушы эксперимент, осы моделді түзете-тәрбиелеп ықпал студия жалпы жүйесінде қолданғанда жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасау қабілетін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі жастағы балалар, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, қалыптастыру эксперименті, сөзжасам, туынды сөз, жұрнақ, мектепте оқуға дайындау.

Ibatova G.B.¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

THE RESULTS OF EXPERIMENTAL WORK ON THE FORMATION OF WORD FORMATION SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN WITH GENERAL UNDERDEVELOPMENT OF SPEECH

Abstract

In the article, we reveal the features of using techniques aimed at developing word formation skills in preschool children with general speech underdevelopment - a form of speech underdevelopment that is often found in preschool children. Analyzing the results of experimental training aimed at the formation of word formation skills in preschool children with General underdevelopment of speech, we made the following conclusions: in children during the experiment, the concepts of word formation, knowledge, skills and practical application in oral speech were formed. Tasks obtained in the formative experiment, made it possible to make sure that these children have formed the skills of word formation as a structural component of speech ability. This achievement has affected the overall effectiveness of the impact in the overall correctional and educational process with the General underdevelopment of speech.

Keywords: preschool children, general speech underdevelopment, formative experiment, word formation, derivative word, suffix, preparation for learning at school.

Г.Б.Ибатова¹

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

METHODS FOR THE FORMATION OF WORD EDUCATION SKILLS FOR PRESCHOOL CHILDREN WITH GENERAL SPEECH UNDERGROUND

Аннотация

В статье мы раскрываются особенности использования методик направленных на формирование навыков словообразования у детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи - формы речевого недоразвития, которая часто встречается у детей дошкольного возраста. Анализируя результаты экспериментального обучения, направленного на формирование навыков словообразования у детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи, мы сделали следующие выводы: у детей в процессе эксперимента сформировались понятия словообразования, знания, умения и навыки практического применения в устной речи. Задания, полученные в формирующем эксперименте, позволили убедиться в том, что у этих детей сформировались навыки словообразования, как структурного компонента речевой способности. Такое достижение отразилось на повышении общей эффективности воздействия в общем коррекционно-воспитательном процессе при общем недоразвитии речи.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, общее недоразвитие речи, формирующий эксперимент, словообразование, производное слово, суффикс, подготовка к обучению в школе.

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы. Біздің мемлекетімізде арнайы білім беру саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балаларды, олардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеп, ақаулықты анықтап, түзеу бағыттарын белгілеу қажет.

Сол себептен біз мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездесетін тіл кемшілігінің түрі- сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған эксперименталды зерттеуге арнадық.

Біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негіздері болған ол - жалпы және арнайы психологияның, педагогиканың, лингвистиканың концепциялары болып табылады: онтогенезде сөйлеу тілінің қалыптасу заңдылықтары (Д.Б. Слобин, А.М. Шахнарович [1]), (Б.Баймұратова [2], Т.Т. Аяпова [3]), тілмен ойлаудың бірлігі туралы, жалпы сөйлеу тілі дамымауының құрылымы мен белгілері жөніндегі заманауи көзқарастар (Филичева, Г.В. Чиркина, М.С. Жукова [4], Т.В.Туманова [5]), ойлау әрекеттерінің кезеңділік бойынша қалыптасу теориясы, танымдық әрекеттің дамуындағы сөйлеудің маңызы (А.Н.Леонтьев В.И. Лубовский [6]), қазақ тілді балалар тілінің грамматикалық жүйесінің ерекшеліктері (Қ.Қ. Өмірбекова [7]), Г.Б.Ибатова [8]).

Қазіргі уақытқа дейін сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың тіл ерекшеліктері жөніндегі зерттеулердің тапшылығы негізінде біздің мақсатымыз, сөзжасам дағдыларына қатысты қалыптастыру жолдарын анықтау және бұл маңызды мәселеге жеткілікті түрде назар аудару, әрі қарай дамытып, қалыптастыруға қандай жағынан әсер ету керектігін анықтау болды. Осының барлығын басшылыққа ала отырып, бірнеше әдістемелер ұсынылды және тәжірибеден өткізілді. Ол үшін біз екі зерттеу жұмысын жүргіздік: *анықтауыш зерттеу, сынақ оқыту зерттеуі*.

Сынақ оқыту зерттеудің мақсаты – арнайы ұйымдастырылған әдістемелерді қолдана отырып, сөзжасам дағдыларын қалыптастыру еді.

Сөзжасам дағдыларын қалыптастыруда әдістемелік ойындар алдық. Сынақ оқыту зерттеуіне алынған топ эксперименталды топ ретінде қарастырылды. Ал, анықтауыш зерттеуде алынған балалар бақылау тобы ретінде қарастырылды.

Екі зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді бірдей критерий бойынша бағаладық.

Қалыптастыру эксперименті – арнайы ұйымдастырылған әдістемелерді қолдана отырып, сөзжасам дағдыларын салыстырмалы түрде анықтау еді.

Сөзжасам дағдыларын қалыптастыруда әдістемелік ойындар алдық. Қалыптастыру экспериментіне алынған топ экспериментальды топ ретінде қарастырылды. Ал анықтауыш зерттеуде алынған балалар бақылау тобы ретінде қарастырылды.

Эксперименталды оқытуды талдау

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасау дағдыларын қалыптастыруға арнап құрастырылған әдістеме, аталған балаларға арналған мектепке дейінгі мекемедегі жалпы коррекциялық-тәрбиелеу процесі барысында іске асырылды. Эксперименталды оқытуға мектеп жасына дейінгі (5-6 жас) жалпы сөйлеу тілі дамымаған 50 бала қатысты.

Сөзжасау қабілетін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі бақылау тапсырмаларын балалардың жоғары дәрежеде орындауымен дәлелденді. Сондай-ақ, оларды орындау сапасындағы оңды динамика сөзжасам операцияларын жасаудың жақсы көрсеткіштерінің көбеюінде көрінді. Және де, «к» коэффициентінің сандық көрсеткіші жоғары болды, ол балалардың адекватты және адекватсыз әрекеттерінің қатынасын көрсетті.

Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- сөзжасам әрекеттерінің алдындағы және соңындағы сөзге талдау жасау білігі;
- жаңа сөздердің семантикалық интерпретациялау дағдыларын меңгеруі;
- жаңа сөздердің дыбыстық және морфемдік құрамында адекватты түрде бағдарлауы;
- тілдің әр түрлі сөзжасамдық моделдеріне сәйкес жаңа сөздерді жасау тәсілдері мен құралдарын меңгеруі;
- балалардың сөз жасау шығармашылығының туындауы;
- әр түрлі тіл міндеттерін шешкенде сөзжасамдық талдау мен жинақтау дағдыларын қолдану білігі;
- сөзжасау әрекеттерін орындағанда қателердің саны мен түрлерінің азаюы;
- сөйлеу тілінде жаңа сөз бірліктерін белсенді қолдану;
- жалпы оқу әрекетіне деген танымдық қызығушылығының артуы (Кесте 1).

Тапсырмалар	верификация	интерпретация	сөзжасау
оқытуға дейін	64	13	53
оқытудан кейін	96	93,3	95,4

1 кесте - Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың тапсырмаларды эксперименталды оқытуға дейін және кейін сәтті орындауының салыстырмалы талдауы.

Сызбадан СТЖД балалар верификацияға, семантикалық интерпретацияға және сөзжасауға бағытталған бақылау тапсырмаларын жақсы орындағанын байқадық. Сондай-ақ, мұндай тапсырмаларды мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар барлық жағдайларда адекватты түрде орындады, қате жауаптары аз болды. Әсіресе, балалардың жаңа сөздердің семантикасын және маңынасын түсіндіру дағдыларын меңгергенінде позитивті өзгерістер байқалады (13% сәттілік оқытуға дейін, 93,3 %- оқытудан кейін). Жаңа сөздердің семантикалық аспектісін меңгеру көрсеткішінің мұндай шұғыл көтерілуі, сөзжасау дағдыларын жалпы меңгеруге оңды әсер етті: сөзжасауға бағытталған тапсырмаларды орындаудағы нәтиже жоғары және бірқалыпты ситаппа. Бұл көрсеткіштер, ұсынып отырған әдістеменің жалпы сөйлеу тілінің дамымауындағы коррекциялық ықпал етудің жалпы жүйесінде, тиімділігі мен пайдалы екенін дәлелдейді.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам үрдістерін меңгеруінің динамикалық аспектісінің сипаттамасына жеке тоқталайық (2 кесте).

тапсырмалар	верификация	интерпретация	сөзжасау
оқытуға дейін	2,0	0,3	1,3
оқытудан кейін	24,0	32,3	19,0

2 кесте - Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименталды оқытуға дейін және кейін белгіленген «к» коэффициентінің сандық көрсеткішін талдау

Сызбада көрсетілген сандық көрсеткіштер арнайы оқытудың нәтижесінде мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың күрделілігі әр түрлі сөзжасам операцияларын орындағандағы адекватты әрекеттерінің үстем болуының нәтижесін көрсетеді.

Аталған сандық көрсеткіштерден басқа, сынақтан өткен әдістеменің нәтижелілігі балалардың сөйлеу әрекетіндегі сапалық өзгерістермен дәлелденеді.

Сондай-ақ, балалардың интерпретациялық жауаптары көп сөзден құралды және жайылма сипатта болды. Балалардың әңгімелеулерінің ашықтығы вербализмге деген тенденциямен емес, балалардың сөзжасамдық талдау негізінде, жаңа сөздің мағынасының көп аспектілігін адекватты түрде, ашуға ұмтылыстарымен белгіленді.

Арнайы оқудан өткен мектеп жасына дейінгі СТЖД балаларда, тіл жағдайының құбылыстарына танымдық қызығушылығының артуы байқалды. Осы тұжырымды тілдің жаңа бірліктерінің көмегімен белгіленген жағдайлардағы сөздерді талдауды белсенді түрде қолдануы дәлелдейді.

Эксперименталды оқытудың оңды нәтижесі –ол балалардың жалпы сөйлеу белсенділігінің артуы. Оны балалардың жаңа сөздерді контексті сөйлеу тілінде адекватты түрде қолдануында, белсенді сөз шығармашылық әрекеттерінде, сөзжасамның алдында және кейін сөзге ашық, деталды талдау жасау білігінде байқауға болады.

Эксперименталды оқыту нәтижелері, балалардың оқыту барысында көп аспектілі сөзжасамдық түсініктер, білім, білік, дағдыларды және оларды практикалық түрде қолдануды толық меңгергенін дәлелдейді. Сонымен, балаларда жалпы сөйлеу мүмкіндіктерінің құрамындағы сөзжасам қабілеті қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Осындай сәттілік, сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзетуге бағытталған логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыруда өз орнын тапты.

Эксперименттік оқытуда анықталған жетіспеушіліктер сөзжасамның барлық процестерінің жасқа сай емес болып, кешігіп қалыптасуында, сөз құрамындағы сөзжасам морфемаларын бөлу мен түйсінудегі қиындықтар, сөзді жаса мен жасалған сөздердің атауларын интерпретациялаудағы қиындықтарда байқалады.

Аталған фактілер эксперименталды зерттеу барысында жүйеленді, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасаудағы қателерінің топтастырылуымен дәлелденді.

Барлық жоғарыда айтылғанның бәрі, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам процестерінің дефициттілігі жүйелі, терең сипатқа ие және баланың жасы есейе келе, әдеттегі арнайы коррекциялық тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің әсерінсіз өзі қалыптаспайтынын дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, жаңа сөздердің семантикасын, сөзжасамның тәсілдері мен құралдарын меңгеру деңгейі төмен болу салдарынан СТЖД балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуы артта қалып, сөз қоры да аз болып, балабақша бағдарламасында қойылған білім, білік, дағдыларды меңгеруге кедергі болатынына көз жеткіздік.

Сандық және басқа да сапалық көріністердің көрсеткішінің көбеюіне мыналарды жатқыздық:

- сөзжасам әрекеттерінің алдында және кейін орындалатын сөзге талдау жасау білігі;
- жаңа сөздерді семантикалық интерпретациялау дағдыларын меңгеруі;
- жаңа сөздердің дыбыстық және морфемдік құрамында адекватты түрде бағдарлау;
- тілдің әр түрлі сөзжасамдық моделдеріне сәйкес, жаңа атауларды жасаудың тәсілдері мен құралдарын меңгеру;

- балалардың сөз шығармашылық белсенділігінің пайда болуы;

- әр түрлі тіл міндеттерін шешу кезінде сөзжасамдық талдау мен жинақтау дағдыларын қолдану білігі;

- сөзжасам әрекеттерін орындау кезіндегі қателердің ерекше түрлері мен санының азаюы;
- сөйлеу тілінде тілдің жаңа сөзді жасау бірліктерін белсенді түрде қолдану;
- оқу үрдісіндегі әр түрлі тіл міндеттерін шешуде танымдық қызығушылығының артуы.

Аталған әдістеме бойынша оқытылған, мектепке дейінгі жастағы СТЖД (III деңгей) балалардың сөзжасам әрекеттерінің нәтижесіне корреляциялық талдау қорытындысы бойынша, зерттелген барлық параметрлерде барлық көрсеткіштердің айтарлықтай жақсарғанын байқадық.

Әр түрлі сөзжасам операцияларының қалпы эксперименталды зерттеуде анықталғанмен салыстырғанда бірқалыпты, жақсы болды. Мектеп жасына дейінгі балалар сөзжасаудан бас тартуы бір-екі жағдайда ғана байқалып, негізінен жаңа сөздердің атауларын интерпретациялау кезінде көрінді.

Сөзжасамдық морфемаларды тіл бірліктері ретінде бөліп санылы түрде түйсіну мүмкіндіктері барлық зерттелген балаларда жақсарды (орта есеппен алғанда 95-98%). Эксперименттік оқытудан өткен барлық балалардың жұрнақтар арқылы сөз жасау дағдыларының жақсарғаны, олардың жаңа сөздердің морфемдік құрамында жақсы бағдарлай алатынымен қатар, ана тілінің сөзжасау нормасымен жүйесін белсенді меңгеру кезеңіне өткенін дәлелдейді.

Сөздерді семантикалық интерпретациялау дағдыларын бақылап, тексеру нәтижесінде, балалардың жетістіктері жоғарылағанын байқадық. Балалардың интерпретациялық жауаптары бұрынғыға қарағанда ашық, адекватты болды.

Балалардың сөз өнімінде, фонетикалық ұқсастық қағидасына негізделген ізденушілік, ассоциативті-жағдайлық сипаттағы сөздерді түсіндірулері жоғалып кеткені байқалды. Арнайы оқытудан өткен барлық балалардың жауаптарында сөзжасам құрылымына сүйеніп, жаңа сөздің семантикасын меңгеру білігі қалыптасқаны байқалды.

Сонымен, эксперименттік оқыту нәтижелеріне көз жүгіртетін болсақ, балаларда эксперимент барысында сөзжасам түсініктері, білім, білік және ауызша сөйлеу тілінде практикалық қолдану дағдылары толық қалыптасты. Жоғарыда аталғанның бәрі, осы балаларда сөйлеу қабілетінің құрамы ретінде, сөзжасам дағдыларының қалыптасқанын сенімді айтуға мүмкіндік береді.

Мұндай жетістік, сөйлеу тілінің дамымауы кезіндегі жалпы түзете-тәрбиелеу үрдісіндегі ықпал етудің жалпы тиімділігінің жоғарылауында көрініс тапты.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін талдау, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамын қалыптастыруға, арнайы құрастырылған білім беру моделінің негізделгендігі мен өнімділігін дәлелдеді. Қалыптастырушы эксперимент, осы моделді түзете-тәрбиелеп ықпал етудің жалпы жүйесінде қолданғанда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасау қабілетін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмысына сай, келесі маңызды тұжырымдар шығардық:

1. Сөзжасамды зерттеуге арнап құрастырылған әдістемелерді қолдану сөйлеу тілінің жалпы дамымауындағы сөзге қатысты және қатыссыз ақаудың құрамы туралы түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік берді. Сөзжасам процестерінің жеткіліксіз қалыптасуын, балалардың когнитивті жағынан жетілмеуінің жағдайымен тығыз байланыста қарастыру қажеттілігі дәлелденді.

2. Сөйлеу дизонтогенез жағдайындағы сөзжасам процестерінің қалыптасуының ерекшеліктері айқындалды:

- мектеп жасына дейінгі уақытта сөзжасам түсініктері, білім, білік, дағдыларын меңгерудің кешігіп дамуы және көрсеткіштерінің төмен болуы;

- жаңа сөздің функциясының барлық аспектіде жетілмеуінің кешенді сипаты (жаңа сөздердің атауын қабылдау мен айту процестері) т.б.;

- тіл белгілері ретінде сөзжасамдық морфемаларды меңгерудегі және олармен жасалатын операцияларды меңгеру ерекшеліктері;

3. Сөзжасам дағдыларының жетілмеуі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың ауызша сөйлеу тілін меңгеруге кері әсерін тигізетіні дәлелденді. Ол өз кезегінде, оқуда қажетті білім, білік, дағдыларды меңгерудегі сәтсіздіктерге әкеп соғуы мүмкін.

4. Эксперименттік оқыту нәтижесінде СТЖД балалар сөздің дыбыстық және морфемдік құрамында бағдарлауды, жаңа сөздерді атауларын жасау және семантикалық интерпретациялау дағдыларын, жеткілікті мөлшерде меңгерді.

Сонымен, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеу нәтижесі мынандай жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берді: білім беру барысында СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастырудың теориялық және практикалық бағыттарын зерттеудің перспективасын белгіледі: морфемдік талдау жасауға дайындығын белгілеу, СТЖД балалардың тілін жетілдіру, мектепте оқуға дайындаудың жаңа жолдарын анықтау. Осы аталғандар оқыту-түзеу барысында ескеріліп жетілдірілетін жағдайда жұмыстың тиімділігі артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шахнарович А.М. *К проблеме психолингвистического анализа детской речи: Автореф. дис. ... канд. филол. наук.*—№4., 1974.— 18 с.
2. Баймұратова Б. *Овладение родной речью детьми-казахами дошкольного возраста: автореф. дисс. ...к.п.н. – Алма-Ата , 1970.*
3. Аяпова Т.Т. *Развитие синтаксиса речи детей (на материале казахского языка): Автореф. дис. ...к.п.н. –Алма-ата, 1988.*
4. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филличева Т.Б.:*Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников./ – М., 2003. – 238 с.*
5. Туманова Т.В. *К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР.// «Дефектология» №5, 2004.*
6. Лубовский В.И. *Развитие словесной регуляции действий у детей: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Л., 1975. – 31 с.*
7. Өмірбекова. Қ.Қ, Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б.: *Логопедия, оқулық./ -Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 471-473б.*
8. Ибатова Г.Б. *Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістемелері// Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. - 2012. № 3-4 (30-31)*
9. Ибатова Г.Б. *Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамының жағдайы// Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы: - 2013. № 1-2 (32-33)*
10. Ибатова Г. Б. *Сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3 деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру, Әдістемелік ұсынымдар/ - Алматы, 2015.*
11. Өмірбекова Қ.Қ. *Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (4 деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру, Оқу-әдістемелік құралы/ Алматы, 2015.*